

## Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялардың мәртебесі жөніндегі ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 38 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 524 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.26 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялардың мәртебесі жөніндегі  
Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2 . < \* >

**Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

1 0

қ а ң т а р д а ғ ы

N

3 8

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

## **Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялардың мәртебесі жөніндегі ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Қазгидромет) шұғыл-өндірістік ұйымы болып табылады, ол гидрометеорологиялық бақылауды және ауаның, топырақ

қабатының, судың ластану деңгейін өлшеуді жүзеге асырады.

**Ескерту: 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .**

2. Бақылау станциялары негізгі (тіректі) және арнаулы болып бөлінеді.

Негізгі (тіректі) станциялар табиғи ортаның жайы туралы толықтай, дәлме-дәл және дер уақыт пен кеңестік шешімінде тұрақты ақпарат алуға қызмет етеді. Олардың іс-әрекетінің ұзақтығы жекелеген аумақты, су объектілерін т.с.с. режимін зерттеу дәрежесімен, сондай-ақ ақпаратты болжау органдарына және шаруашылық қызметі жүйесіндегі ұйымдарға шұғыл берумен анықталады.

Арнаулы бағыттағы бақылау станциялары гидрометеорологиялық режимнің (ірі су қоймалары, мелиорациялық аймақ, ірі қалалар т.с.с.) өзіндік ерекшеліктерін зерттеуге, ірі шаруашылық объектілерін (жылу және атом электростанциялары, темір жол, тау-кен кәсіпорындары) деректермен қамтуға, жобалау шешімдері мен басқа да мақсаттарды негіздеуге, сондай-ақ ауа райын болжау қызметі органдарының арнайы сұранысын қанағаттандыруға бағытталған Арнаулы станциялар қызметінің ұзақтығы алға қойған міндетімен айқындалады, міндет орындалған жағдайда олардың жабылуы мүмкін.

3. Негізгі станциялардың құрамынан реперлік климаттық (РКС) станциялар, сондай-ақ климат пен гидрологиялық режимнің ғасырлық тенденция өзгерістерін анықтауға қажетті үздіксіз біртекті гидрометеорологиялық мәлімет алуға қолданылатын теңіз жағалаулары және гидрометеорологиялық бақылаудың ғасырлық жүйесінің сағалық станциялары бөлінеді. Реперлік станциялар ортаның өзгерістеріне қарамастан кесімсіз мерзімге жұмыс істейді.

Реперлік климаттық, теңіз жағалаулары мен сағалық станциялардың тізбесін Қазгидромет бекітеді.

4. Бақылау станциялары өз қызметінде Қазгидромет жасап, бекіткен өтініштерді, басшылықтар мен нұсқауларды және осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

**Ескерту: 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .**

## **2. Негізгі міндеттер**

5. Топырақтың, жер қабаты бетінің, ауыл шаруашылық дақылдарының жай-күйіне, атмосфераның, құрлықтағы судың және теңіздің, олардың ластану деңгейіне тұрақты бақылау жүргізеді.

6. Атқарушы өкімет пен мемлекеттік басқару органдарын табиғи ортаның ластану деңгейі туралы гидрометеорологиялық ақпараттармен және мәліметтермен қамтамасыз ету.

### 3. Қызметтер

7. Төмендегі бақылау түрлерін жүргізу:  
жер үсті метеорологиялық;  
актинометриялық және жылулық теңгермелік;  
гидрологиялық;  
аэрологиялық;  
теңіздік гидрометеорологиялық;  
агрометеорологиялық;  
атмосфераның, құрлықтағы судың, теңіз суының, топырақтың және қар  
жамылғысының ластану деңгейіне;  
метеорологиялық радиолокациялық;  
атмосферадағы электрлікке;  
озонометрлік;  
радиометрлік;  
табиғи ортаның фондық мониторингіне;  
сел қаупіне;  
қар көшкіні қаупіне;  
тосын гидрометеорологиялық құбылыстарды бақылауға.

8. Бақылау қорытындыларын алғашқы өңдеуден өткізу, қажетті жағдайда кестелік материалдар құрау, бақылау қорытындыларын машинаға өңдеуге әзірлеу.

9. Шұғыл ақпараттарды бақылау мәліметтерімен, оның ішінде тосын (аса қауіпті) гидрометеорологиялық құбылыстарды жеткізу.

10. Бақылау станциясының уәкілі тосын гидрометеорологиялық құбылыстар ықпал еткен аудан аумағын тексеру жөніндегі комиссия жұмысына қатысады.

### 4. Бақылау станцияларын ұйымдастыру және қызметін қамтамасыз ету

11. Бақылау станцияларын орналастыру - Қазақстан аумағындағы гидрометеорологиялық режимді, табиғи ортаның ластану деңгейін жан-жақты зерттеуді жүргізуді, сондай-ақ Казгидрометке жүктелген барлық міндеттерді толық орындауды қамтамасыз ету есебімен жүзеге асырылады.

12. Бақылау станциялары жұмысын ұйымдастыру, оның желілерін дамыту мен ұтымды ету мыналарды:

бақылаудағы гидрометеорологиялық шама мен құбылыстың өзгеру дәрежесін, табиғи ортаның ластануының геофизикалық сипаттамасы мен деңгейін; шаруашылық қызметіне қызмет көрсету үшін қажетті бақыланатын шама

өлшемдерінің дер кезділігі мен дәлме-дәлдігін;  
аталған аудан бойынша табиғи орта жәй-күйінің осы және басқа сипаттамаларының нақты және қажетті мәліметтерін;  
экономикалық тиімділікті;

белгілі бір әкімшілік пунктінде аз мөлшердегі желілік, мүмкіндігінше барынша жоғары деңгейдегі әкімшілік орталығында (облыстық, аудандық) бақылау ұйымдарын құра отырып;

жұмысты кешенді ұйымдастыруды (бір станцияда бірнеше бақылау түрлерінің көп санын жүргізу қарастырылуы керек);

тұрғын ел пунктiнен шалғай, меңгерілмеген аудандарда бақылау станцияларын ұйымдастыруға тек қажетті гидрометеорологиялық ақпарат алуға өзге мүмкіндік болмаған кезде ғана жол берілетінін ескере отырып жүзеге асырылады.

13. Бақылау станцияларын орналастыру үшін Казгидрометке көшіруге жатпайтын аталған станцияға берілетін техникалық талаптарды ескере отырып жер учаскелері беріледі.

14. Бақылау станцияларының қай түрі болмасын орналасқан жердің айналасында жер учаскесі түріндегі (су кеңістігі), осы станция аумағы шекарасынан жан-жағы 200 метрді қамтитын тұйық сызықты қорғаныш желісі белгіленеді.

15. Бақылау станцияларының қорғаныш желісіне уақытша пайдалануға берілген су қорының жерлері мына талаптарды сақтай отырып пайдаланылады.

Реперлік климаттық, теңіз жағалауы мен гидрометеорологиялық бақылаудың ғасырлық жүйесінің сағалық станцияларының тізбесіне енетін бақылау станциялары қорғаныш желісінде мыналарға тыйым салынады;

қандай да үй және құрылыс салуға;  
суландыру және құрғату жүйесін салуға;

қазба, құрылыс, монтаж, жарылыс жұмыстарын және топырақ қабатын жо с п а р л а у д ы жү р г і з у г е ;

ағаш отырғызуға, тыңайтқыш қоймасына, қоқысқа айналдыруға, қышқылдық қоспаларын, тұз бен сілтіні төгуге;

автомобиль, су көліктерінің, тракторлар мен басқа да машиналар мен механизмдердің тұрағына айналдыруға;

пристаньдар мен айлақтар салуға;

танымдық белгілер мен ескерту белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, бүлдіруге, сындыруға;

зәкір тастауға, зәкірді сүйретуге, шынжыр, лоталармен, тіркелермен және торлармен жүруге, тереңдегі және жер бетіндегі жұмыстарды жүргізуге;

балық кәсіпшілігі учаскесіне беруге, балық аулауға, сондай-ақ су жануарлары

мен өсімдіктер өсіруге.

Реперлік климаттық, теңіз жағалаулары мен гидрометеорологиялық бақылаудың ғасырлық жүйесінің станциялары тізбесіне енбейтін бақылау станцияларының қорғаныштық аймақтарындағы жоғарыда аталған жұмыстар Казгидрометтің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

16. Бақылау станциялары бар жер учаскелері, сондай-ақ осындай станциялардың қорғаныштық аймағы шегіндегі жер учаскелері мемлекеттік және қоғамдық мұқтаж үшін тек ерекше жағдайда белгіленген тәртіппен алынуы мүмкін. Мұндай жағдайда аталмыш станцияның жаңа жерге орын ауыстыруы (олардың үйлері, құрылыс, басқа да объектілері) жер учаскелерін алушы кәсіпорындар, ұйымдар немесе мекемелер күшімен және қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ